

Ағаш материалдарының жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 116 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 19-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО СЭҚ ТН 44-тобына қосымша ескертулерінде:

"Еуразиялық экономикалық одақтың қосымша ескертулері" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың қосымша ескертуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-ескерту алып тасталсын;

2-ескертуде "2. ... кіші қосалқы позицияларда" деген сөздер "1. ... кіші қосалқы позицияларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан кіші қосалқы позициялар алып тасталсын;

в) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына кіші қосалқы позициялар енгізілсін;

г) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

д) ЕАЭО СЭҚ ТН 4403 49 950 1, 4407 29 150 1, 4407 29 830 1, 4407 29 850 1, 4407 29 950 1, 4408 39 550 1, 4408 39 550 5, 4408 39 550 8, 4408 39 700 1, 4408 39 850 1, 4408 39 850 5, 4408 39 850 8, 4408 39 950 1, 4408 39 950 5, 4408 39 950 8, 4412 10 000 1, 4412 10 000 4, 4412 31 900 1, 4412 94 100 1, 4412 99 300 1 және 4412 99 500 1 кіші қосалқы позицияларының атауларында "Еуразиялық экономикалық одақтың 2- қосымша

ескертуінде" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың 1- қосымша ескертуінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 16 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі кедендік әкелу баждары ставкаларын өзгерту туралы шешім қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 4412 10 000 1, 4412 10 000 4, 4412 31 900 1, 4412 94 100 1, 4412 99 300 1 және 4412 99 500 1 кодтағы позицияларда "Еуразиялық экономикалық одақтың 2-қосымша ескертуінде" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың 1-қосымша ескертуінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген 2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылатын жекелеген тауарлардың және осындай ставкалар мөлшерінің тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 4408 39 550 1, 4408 39 550 4, 4408 39 550 4, 4408 39 550 5, 4408 39 550 7, 4408 39 550 7, 4408 39 850 1, 4408 39 850 4, 4408 39 850 4, 4408 39 850 5, 4408 39 850 7, 4408 39 850 7, 4408 39 950 1, 4408 39 950 4, 4408 39 950 4, 4408 39 950 5, 4408 39 950 7 және 4408 39 950 7 кодтағы позицияларда "Еуразиялық экономикалық одақтың 2-қосымша ескертуінде" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың 1-қосымша ескертуінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлардың және осындай баждары ставкалары мөлшерінің тізбесіне ағаш материалдарының жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енгеннен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2020 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 116 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КПП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қосалқы өлшем бірлігі
	– – – кез келген сіңіру деңгейіндегі, ұзындығы кемінде 6	

4403 11 000 1	м, бірақ 18 м артық емес және жуандығы 45 см астам, бірақ 90 см артық емес қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының бөренелері	м ³
4403 11 000 9	--- өзгелері	м ³
4403 21 110 0	---- бөренелер	м ³
4403 21 190 0	---- өзгелері	м ³
4403 21 910 0	---- бөренелер	м ³
4403 21 990 0	---- өзгелері	м ³
4403 23 110 0	---- бөренелер	м ³
4403 23 190 0	---- өзгелері	м ³
4403 23 910 0	---- бөренелер	м ³
4403 23 990 0	---- өзгелері	м ³
4403 25 910 0	--- бөренелер	м ³
4403 25 990 0	--- өзгелері	м ³
4403 91 100 0	--- бөренелер	м ³
4403 91 900 0	--- өзгелері	м ³
4403 93 100 0	--- бөренелер	м ³
4403 93 900 0	--- өзгелері	м ³
4403 95 000 1	--- диаметрінің ең аз көлденең қимасы 15 см кем емес, ұзындығы 1 м кем емес бөрене	м ³
4403 95 000 9	---- өзгелері	м ³

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2020 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 116 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қосалқы өлшем бірлігі
+4403 11 000 1	--- кез келген сіңіру деңгейіндегі, ұзындығы кемінде 6 м, бірақ 18 м артық емес және жуандығы 45 см астам, бірақ 90 см артық емес қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының бөренелері	м ³
+4403 11 000 9	--- өзгелері	м ³
+4403 21 110 0	---- бөренелер	м ³
+4403 21 190 0	---- өзгелері	м ³
+4403 21 910 0	---- бөренелер	м ³
+4403 21 990 0	---- өзгелері	м ³
+4403 23 110 0	---- бөренелер	м ³
+4403 23 190 0	---- өзгелері	м ³

+4403 23 910 0	---- бөренелер	м³
+4403 23 990 0	---- өзгелері	м³
+4403 25 910 0	--- бөренелер	м³
+4403 25 990 0	--- өзгелері	м³
+4403 91 100 0	--- бөренелер	м³
+4403 91 900 0	--- өзгелері	м³
+4403 93 100 0	--- бөренелер	м³
+4403 93 900 0	--- өзгелері	м³
+4403 95 000 1	--- диаметрінің ең аз көлденең қимасы 15 см кем емес, ұзындығы 1 м кем емес бөрене	м³
+4403 95 000 9	---- өзгелері	м³

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2020 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 116 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құнының пайызымен не евромен, не АҚШ долларымен)
+4403 11 000 1	--- кез келген сіңіру деңгейіндегі, ұзындығы кемінде 6 м, бірақ 18 м артық емес және жуандығы 45 см астам, бірақ 90 см артық емес қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының бөренелері	8
+4403 11 000 9	--- өзгелері	10
+4403 21 110 0	---- бөренелер	8
+4403 21 190 0	---- өзгелері	8
+4403 21 910 0	---- бөренелер	8
+4403 21 990 0	---- өзгелері	8
+4403 23 110 0	---- бөренелер	8
+4403 23 190 0	---- өзгелері	8
+4403 23 910 0	---- бөренелер	8
+4403 23 990 0	---- өзгелері	8
+4403 25 910 0	--- бөренелер	8
+4403 25 990 0	--- өзгелері	8
+4403 91 100 0	--- бөренелер	10
+4403 91 900 0	--- өзгелері	10
+4403 93 100 0	--- бөренелер	10
+4403 93 900 0	--- өзгелері	10

+4403 95 000 1	— — — диаметрінің ең аз көлденең қимасы 15 см кем емес, ұзындығы 1 м кем емес бөрене	10
+4403 95 000 9	— — — — өзгелері	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК